

## **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы мүшесін тағайындау туралы**

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 2 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 12-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 41-тармағының үшінші абзацына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентінің 55-тармағына сәйкес, сондай-ақ Ресей Федерациясының ұсынуы негізінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шепті**:

1. Вероника Олеговна Никишинаны тағайындау кезінде айқындалған өкілеттіктердің қалған мерзіміне Ресей Федерациясынан Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқа мүшесі болып Андрей Александрович Слепнев тағайындалсын.

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы " Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының дербес құрамы және оның мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу туралы" № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының дербес құрамына Еуразиялық экономикалық комиссияның Сауда жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) Андрей Александрович Слепнев енгізіліп, дербес құрамнан Вероника Олеговна Никишина шығарылсын.

### **Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:**

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей  
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан  
Федерациясынан*